

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 10 қаңтардағы № 3 қаулысы Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 18, 69 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Транстелеком" акционерлік қоғамына осы қаулының қосымшасына сәйкес, Ақтөбе қаласының аумағында орналасқан жалпы көлемі 2.2712 га жер учаскелеріне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 5 (бес) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ж. Кабылов) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Бекет

Қала әкімдігінің № 3
"10" қаңтар 2025 ж.
қаулысына қосымша

Сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

№	Атауы	Жер учасесінің мекенжайы	Көлемі га	Нысаналы мақсаты
11	"Транстелеком" АҚ	Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, К.Нокин тұрғын массиві	1.8818	талшықты-оптикалық кабель құрылысын салу және пайдалану үшін
22	"Транстелеком" АҚ	г.Ақтөбе, Алматы ауданы, Есет батыр тұрғын массиві, № 3 ықшам ауданы, № 11 үй	0.3894	талшықты-оптикалық кабель құрылысын салу және пайдалану үшін